

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№1 хаттамасы

5.09.2024ж

Қатысқандар: мектеп мұғалімдері

Күн тәртібінде:

1. Кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстыру
2. Педагогтардың әлеуметтік желідегі жариялымдарының этикалық нормалары

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Жарылқапова К.И. сөз алды:

Педагогикалық кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтардың тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларға жүгінуге құқылы, - деді. Сонымен бірге отырыстың алдағы оқу жылына құрылған жұмыс жоспарымен таныстырды.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры Уразтаева А.К. сөз алды. Әрбір ұғалім өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр оқушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол-ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы-ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, оқушылар мұғалімінің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, көкшыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Мұғалімнің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды. Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз.

Қазіргі таңда әлеуметтік желілерге әр түрлі мазмұнсыз фотолар, бейнекөрсетілімдер салынып жатыр. Бұларды әрине ата-ана, бала қарайтыны көпке мәлім. Сондықтан әріптестер өз беделімізді болмағыр іс-әрекеттерімізбен жоғалтып алмасак деймін.

. Жас мамандарға сыныпқа басқа адам кіріп келгенде орындарынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Мектеп ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады.

Жарыс сөз: кеңес мүшелері –Шуканова Н.Н.. және Ажибаева Ш.К.. жоғарыдағы айтылған мәселерге өз көзқарастарын білдірді.,